

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Шардара қаласы

12 наурыз 2024 жыл

Жиналыс төрайымы: ДТЖЖО Г. Дуйсебаева

Қатысқандар:

Колледж қызметкерлері 37

Күн тәртібінде:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы
(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ);

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ);

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі
(Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ);

Жиналысты Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз алып, заңнамалар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңның 1-бабының б) тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу (Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексте көзделген; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті).

Заңның 1-бабы 2-1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектисінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

Заңның 1-бабының 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектисінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері;

Заңның 1-бабының 5) тармақшасына сәйкес мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

Заңның 6-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды; қаржылық бақылауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді; мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді; кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ);

29) сыбайлас жемқорлық қылмыстар – осы Кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігінде), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігінде), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 218-1 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер;

218-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістер, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған мүліктен түсетін кез келген кірістер болып табылатын мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасасу арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тарту не мұндай мүлікті иелену және пайдалану, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістер болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету,

мүлкі тәркіленіп, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) бірнеше рет;

3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, үш мыңнан жеті мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

2) қылмыстық топ жасаған;

3) ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер, –

мүлкі тәркіленіп, ал 1) тармақта көзделген жағдайларда – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) мүлікті заңдастыру дайындалып жатқаны не оның жасалғаны туралы өз еркімен мәлімдеген адам, егер оның әрекеттерінде осы баптың екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген қылмыстар немесе өзге де қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ);

ӘҚБТК-нің 439-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізетін органға **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы** көрінеу жалған ақпарат хабарлау ескерту жасауға не жеке тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе **қылмыстық** жауаптылық белгіленген, **сыбайлас жемқорлық** белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) (1-баптың 11) тармақшасы).

Осылайша, ӘҚБТК-нің 439-бабы сыбайлас жемқорлық қылмыс фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлағаны үшін адамды 20 АЕК, бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет 40 АЕК айыппұл түрінде ең жоғары жаза тағайындай отырып, әкімшілік жауаптылыққа тартуға мүмкіндік береді.

ҚК-нің 419-бабының үшінші бөлігінде көзделген осыған ұқсас әрекет үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

ӘҚБТК-нің 804-бабында соттар қарайтын істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға құқығы бар уәкілетті органдар айқындалған.

Бұл ретте осы бапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізетін органға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлауына байланысты, іс жүргізуді қозғауға құзыреті (әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау) көзделмеген.

ӘҚБТК-нің 805-бабына сәйкес прокурор ӘҚБТК-нің 439-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы қаулы шығаруға құқылы.

Сонымен қатар, соңғы 5 жылда ӘҚБТК-нің 439-бабы бойынша істер тіркелмеген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы көрінеу жалған ақпарат беруге байланысты іс жүргізуді қозғауға және істерді қарауға уәкілетті органдардың дискрециялық өкілеттіктерін болдырмау мақсатында, ӘҚБТК-нің 439-бабы бойынша әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлағаны үшін **әкімшілік** жауаптылыққа тарту ұсынылады.

Бұл ретте, ӘҚБТК-нің 804-бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның ӘҚБТК-нің 439-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау құзыретін бекіту қажет.

Жиналыс төрайымы:



Г. Дуйсебаева

Жиналыс хатшысы:



Г. Бектурсунова